

ЗАПАСТАҒЫ КІШІ СЕРЖАНТТАРДЫ ДАЙЫНДАЙДЫ

13 қараша – Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау әскерлерінің күні. Бұл – радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау жаппай қырып-жоятын қарудан қорғану шараларын орындау үшін арнайы құрылған әскер.

Қазіргі уақытта радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау әскерлерінде шешілеттін тапсырмаларға қатысты барлау, арнайы өндөу, аэрозольді қарсы іс-қимыл белшелері мен отшашар белімшелері бар. Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері РХБ қорғау әскерлерінің жеке құрамы жоғары дайындық деңгейін көрсете отырып, әртүрлі ҳалықаралық оқу-жаттығуларға белсене қатысады.

М.Әуезов атындағы ОҚУ КЕАҚ әскери кафедрасы «Радиациялық, химиялық, биологиялық қорғау болімшелері мен бөлімдерін қол-

дану», «Қару-жарақ пен радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау құралдарын, экологиялық бақылаудың техникалық құралдарын пайдалану және жөндеу», «Қарулы Құштердің жауынгерлік іс-қимылдарының радиациялық, химиялық және биологиялық қорғалуын, экологиялық қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды үйымдастыру» әскери-есептік мамандықтары бойынша запастағы офицерлерді «Радиациялық және химиялық барлау және до-зиметрлік бақылау», «Жабдықтар мен жабдық-тұрманшарды заарсыздандыру құралдары», «Сүйықтық-пен арнайы өндөу құралдары», «Радиациялық және химиялық барлау мен до-зиметрлік бақылау құралдары» әскери-есептік мамандықтары бойынша запастағы кіші сержанттарды дайындауды.

Біздің негізгі мақсатымыз – өз қол астындағыларын басқара білетін қазіргі замандағы әскерлерді радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаумен қамтамасыз ететін, РХБҚ әс-

керінің запастағы офицерлері мен сержанттарын дайындау. Кафедра тұлектері әскери дайындықтан өту барысында радиациялық, химиялық, биологиялық қорғау құралдары мен қару-жарақтарын пайдалануды үйымдастыру ережелерін, қару-жарақ және жөндеуді үйымдастыруды, радиациялық, химиялық және биологиялық барлау және бақылау негіздерін, радиациялық, химиялық және биологиялық жағдай туралы дөректер мен ақпаратты жинау және өндөуді, радиациялық, химиялық және биологиялық ластану туралы әскерлерді хабардар ету тәртібін, радиациялық, химиялық және биологиялық белімшелердің жауынгерлік іс-қимылдарын басқаруды және кешенді қамтамасыз етуді үйымдастыруды то-лық мейзгереді.

**Бауыржан БАЙҒУЛОВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ» КЕАҚ
әскери кафедрасының
ага оқытушысы,
биология ғылымдары
магистрі
запастағы майор**